

"Ауданда 2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" аудан әкімдігінің 2009 жылғы 30 қарашадағы N 34/06 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 қаңтардағы N 02/03 қаулысы. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 ақпанда N 8-15-119 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің аппаратының 2011 жылғы 21 сәуірдегі N 3-2/231 хатымен)

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің аппаратының 2011.04.21 N 3-2/231 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 30 қарашадағы "Ауданда 2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-15-113 болып тіркелген, "Сельский труженик" аудандық газетінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 52 санында жарияланған) N 34/06 қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулысының қосымшасында:

реттік нөмірі 1 - жолда:

"272" деген саны "270" деген санымен ауыстырылсын;

қатардағы 19, 20, 21 номерлер жолдары келесі мазмұнмен толықтырылсын:

19	Ауданның тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2	мұрағат құжаттары мен тізімдерін тігу және құрастыру, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу.	3
20	Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі	2	мұрағат құжаттары мен тізімдерін тігу және құрастыру, құжаттарды қалыптастыру, оларды тігу.	3
21	Осакаров ауданының N 2 соты	3	шақыру қағаздарын жеткізу; мұрағат құжаттарын өңдеу және мұрағатқа тапсыру істерін қалыптастыру.	2

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Шөппай Серикпайұлы Оспановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осакаров ауданының әкімі

Р. Әбдікерев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК